Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты
Ақжігітова Аққибат Оракбайқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы»
білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған «Қазақ сөзжасамындағы
заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» атты диссертациясына
шетелдік ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Докторант Ақжігітова Аққибаттың диссертациясы қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысын зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында заттану құбылысы арқылы тілдің динамикалық сипатын, лексика-грамматикалық категориялар арасындағы өзара байланысты және мағыналық дамудың күрделілігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, осы салада еңбек еткен ғалымдардың теориялық тұжырымдарымен дәйектеген.

Қазіргі қазақ тілінің қоғамдық-коммуникативтік кеңістігінің кеңеюі, ғылыми, публицистикалық және көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің қызметінің күрделене түсуі заттану құбылысының функционалдық мүмкіндіктерін жаңа қырынан пайымдауды талап етеді. Заттанған сөздер мен тіркестердің мәтін түзудегі, номинациялық және референциялық қызмет атқарудағы рөлі семантикалық және коммуникативтік аспектілердің тоғысында айқындалады. Алайда бұл мәселелер қазақ сөзжасамы аясында жүйелі талданып, кешенді түрде зерттелген жоқ. Тіл біліміндегі заттану құбылысын семантикалық-коммуникативтік аспектіде арнайы зерттеу қай тілде болса да арнайы зертетуді қажет етеді. Сондықтан бұл тақырып диссертация жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында докторант заттану құбылысының отандық және шетелдік тіл білімінде зерттелуі мен заттану үдерісінің теориясына арнаған. Докторант осы саладаға зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдеген. Заттану үдерісінен пайда болған сөздердің заттану дәрежесін анықтап, оларды түріне, құрамына, тұлғасына қарап бірнеше түрге бөледі. Бұл ретте семантикалық, морфологиялық және контекстік ерекшеліктер есепке алынып, нәтижесінде заттанған тіл бірліктер жүйелі, нақты мысалдар арқылы талданған.

Екінші тарауда докторант сөз таптарының заттану процесіне, сондай-ақ заттану арқылы пайда болған атаулардың семантикалық ерекшеліктеріне арнаған. Бұл бөлімде әртүрлі сөз таптарынан (сын есім, етістік, сан есім, есімдік, үстеу, еліктеу сөздер мен одағайлар) заттанған тіл бірліктері талданып, олардың мағыналық құрылымы, семантикалық моделі және коммуникативтік қызметі жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар заттану арқылы жасалған атаулардың номинациялық рөлі, олардың мәтіндік

қолданыстағы функциясы және семантикалық ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталған.

Үшінші тарауда докторант әртүрлі мәтіндердегі заттанған сөздердің қолданылуын талдауға арнаған. Зерттеу барысында поэзиялық шығармалар, қазақ паремиологиясы, ауызекі тіл материалдары, сондай-ақ жасанды интеллект арқылы дайындалған ғылыми мәтіндердегі заттанған тіл бірліктері қарастырылған. Бұл бөлімде заттанған сөздердің мәтіндегі номинациялық, референциялық және коммуникативтік қызметі жүйелі түрде талданып, олардың мағыналық ерекшеліктері мен қолдану жиілігі көрсетілген.

Докторант Ақжігітова Аққибат менің жетекшілігіммен Түркия Республикасының Кастамону қаласындағы Кастамону университеті Әдебиет факультетінің Түркі тілдері мен әдебиеті кафедрасында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Ғылыми тағылымдама барысында докторант университеттің ғылыми кітапханасынан қажетті ғылыми әдебиеттермен танысты, кафедра ғалымдарынан өз зерттеу жұмысы бойынша кеңес алды. Тағылымдама нәтижесінде Қазақстандық ғылыми журналдарда бірнеше ғылыми мақалалар жарияланды.

Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде дайындалған, зерттеу мақсаты мен міндеттері нақты анықталған. Автор қазақ тіліндегі заттану құбылысын семантикалық-коммуникативтік аспектілерде жан-жақты талдап, теориялық және практикалық маңыздылығын дәлелдеген. Зерттеудің әдістері логикалық тұрғыдан үйлестіріліп, нәтижелері нақты тілдік деректермен расталған. Диссертацияның құрылымы жүйелі, материалдар толық және оқырманға түсінікті.

Жұмыс қазақ сөзжасамының даму заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Автор жинаған тілдік материалдар мен талдау нәтижелері сөзжасамдық зерттеулер үшін маңызды база болып табылады. Диссертациялық жұмыс халықаралық ғылыми стандарттарға сай дайындалған және ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланады.

Қорыта айтқанда, докторант **Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының** «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған **«Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект»** атты диссертациясы толық аяқталған, мақсатына жеткен жұмыс және докторлық дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Шетелдік ғылыми жетекші
Кастамону университетінің профессоры, PhD Орхан Сөйлемез